

ПЛАНИРУЕТСЯ ПОСТАВИТЬ 236 ЛОКОМОТИВОВ, БОЛЕЕ 1,4 ТЫСЯЧИ ГРУЗОВЫХ ВАГОНОВ И 191 СОВРЕМЕННЫЙ ПАССАЖИРСКИЙ ВАГОН. КРОМЕ ТОГО, АКТИВНО РАЗВИВАЮТСЯ МЕЖДУНАРОДНЫЕ ТРАНСПОРТНЫЕ КОРИДОРЫ, ВКЛЮЧАЯ ТРАНСКАСПИЙСКИЙ МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТРАНСПОРТНЫЙ МАРШРУТ И МАРШРУТ СЕВЕР – ЮГ. РЕАЛИЗУЮТСЯ ПРОЕКТЫ МОДЕРНИЗАЦИИ ПОРТОВОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ ДЛЯ УВЕЛИЧЕНИЯ ПРОПУСКНОЙ СПОСОБНОСТИ ТРАНСКАСПИЙСКОГО МАРШРУТА. БУДЕТ ПОСТРОЕНО 5 ТЫСЯЧ КИЛОМЕТРОВ ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ.

Жанибек ТАЙЖАНОВ,
вице-министр транспорта Республики Казахстан



№4 (3151)
20/01/2026

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ҚАБЫЛДАУЫНДА БОЛДЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болып, ұлттық компанияның өткен жылы атқарған қызметінің нәтижелері туралы баяндап, алдағы кезеңге арналған жоспарымен таныстырды, деп хабарлайды Ақорда.

Компания басшысының айтуынша, 2025 жылы тарифтік жүк айналымы 10 пайызға артып, 289 миллиард тонна-шақырымды құраған, ал тасымал көлемі 5,5 пайызға ұлғайып, 320 миллион тоннаға дейін жеткен. Алға тартқан мәліметтен экспорттық тасымалдың да 89 миллион тоннадан асып түскені байқалады. Жүк транзитіне келсек, оның көрсеткіші 20 пайыздан астам өсіп, 33 миллион тоннаны құраған.

Еске сала кетсек, былтыр Достық – Мойынты темір жолының екінші желісі салынып бітіп, іске қосылған болатын. Міне, осы желі арқылы 6 миллион тонна немесе 100 мың вагоннан аса жүк жеткізілгені баяндалды. Сондай-ақ Алматы станциясын айналып өтетін темір жолдағы техникалық қозғалысқа рұқсат етілді.

Ұлттық компанияда теміржол инфрақұрылымдарын салу және жаңғырту жұмыстары жалғасып жатыр. Жобалардың жалпы ұзындығы 3900 шақырымды құрайды.

Сонымен қатар компания қызметінде қауіпсіздікті, тиімділік пен ашықтықты қамтамасыз ету үшін жасанды интеллектті енгізу арқылы цифрлық жобалар жүзеге асырылып жатқаны



айтылды. Компанияда тәлімгерлік институты жолға қойылып, жастар кадрлық резерві жасақталған.

Президент әлеуметтік мәселелерді шешудің маңызын атап өтіп, теміржолшыларға арналған қолжетімді тұрғын үй салу бастамасын құптады. Осы арада атап өтерілігі, былтыр желтоқсан айының басында «ҚТЖ»

ҰК» АҚ «Отбасы банк» АҚ және «Нысандарды салу жөніндегі компания» корпоративтік қорының қатысуымен теміржолшылар үшін «Қолжетімді баспана» пилоттық жобасын іске асыру жөніндегі меморандумға қол қойған болатын.

Мемлекет басшысы «Қазақстан темір жолы» ҰК» акционерлік қоғамын

трансформациялауды жалғастыру, ірі шетелдік компаниялармен ынтымақтастықты нығайту, цифрлық шешімдерді енгізу, мультимодальдық логистиканы дамыту мақсатында инфрақұрылымдарды кеңейту жөнінде тапсырма берді.

Ислам ТАЛҒАТ

Cypet akorda.kz сайтынан алынды

УЧЕСТЬ ВСЕ НЮАНСЫ



Проект Комплексного плана развития контейнерных перевозок в РК на 2026-2030 годы вынесен на обсуждение профессионального сообщества.

Министерство транспорта направило документ на согласование отраслевым ассоциациям для формирования сбалансированного и прикладного инструмента развития контейнерных перевозок, который будет учитывать реальные условия рынка, операционные ограничения и инвестиционные возможности участников транспортно-логистической отрасли.

Цель проекта – системное увеличение доли контейнерных перевозок, снижение логистических издержек экономики и повышение конкурентоспособности Казахстана на международных транспортных коридорах.

В настоящее время уровень контейнеризации грузов в Казахстане остается низким – 6,73% по итогам 2024 года, при этом значительная часть контейнерного оборота формируется за счет транзита, а внутренние перевозки практически не вовлечены в контейнерные технологии.

Обсуждение Комплексного плана с отраслевыми ассоциациями обусловлено необходимостью синхронизации государственной политики с практикой бизнеса. Ассоциации объединяют операторов, терминалы, экспедиторские компании и грузоотправителей, чье участие критически важно для оценки реализуемости предлагаемых мер, корректности тарифных и регуляторных решений, а также для выявления потенциальных рисков и узких мест на этапе внедрения.

Согласование проекта с рынком позволит уточнить приоритеты развития контейнерной инфраструктуры и транспортно-логистических центров, учесть практические аспекты цифровизации, таможенных и административных процедур, обеспечить прозрачность и предсказуемость условий для частных инвестиций, а также сформировать согласованный подход к тарифной политике и стимулирующим мерам.

Итоговая версия Комплексного плана должна стать консолидированным документом, отражающим интересы государства и бизнеса, и создать устойчивую основу для роста контейнерных перевозок до 15% к 2030 году, повышения скорости доставки и укрепления транспортного-логистического потенциала Казахстана.

Махаббат НЕГЕМБАЕВА

БАРЛЫҚ САЛАДА ӨСІМ БАР



Өткен жылдың қорытындысы бойынша теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау көлемі 320 млн тоннаға дейін жетіп, 2024 жылғы көрсеткіштен 5,5% артқан. Республикаішілік қатынаста да 2,7% өсіммен 177 млн тонна жүк тасымалданған.

Экспорттық қатынаста тасымалдау көлемі 89,2 млн тоннаға дейін ұлғайып, 2024 жылғы деңгейден 7,2%-ға асты, ал импорттық тасымал 20,7 млн тоннаға жетті.

Көлік министрлігінің мәліметі бойынша, ең үлкен өсім транзиттік қатынаста тіркелді. Жыл қорытындысы бойынша транзиттік тасымалдау көлемі 33 млн тоннаны құрады, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 19,9%-ға артық. Сонымен қатар астық тасымалының айтарлықтай өсуі байқалады. Өткен жылдың қорытындысы бойынша теміржол көлігімен 14,3 млн тонна астық тасымалданып, 2024 жылмен салыстырғанда 31%-ға артқан. Жалпы көлемнен экспортқа 11 млн тонна жіберіліп, республикаішілік қатынаста 3,3 млн тонна тасымалданды.

Орталық Азия, Иран, Ауғанстан және Ресей елдерін қоса алғанда экспорттың негізгі бағыттары бойынша тұрақты оң динамика байқалады. Астықты қайта өңдеу өнімдерін тасымалдауды ұлғайту есебінен елеулі өсім қамтамасыз етілді: ҚХР-да азықтық ұнның көлемі 3,1 млн тоннаға жетіп, 3,8 есеге өсті, бұл құны қосымша жоғарылатылған өнім өндірісінің кеңеюін көрсетеді. Сондай-ақ былтыр Африка, Вьетнам және Еуропалық одақ мемлекеттерін қоса алғанда, жаңа экспорттық нарықтар ашылды. Жалпы, былтырғы жыл нәтижелері теміржол көлігінің тұрақты жұмысын және жүк тасымалы дамуының оң динамикасын көрсетеді.

Ұлан ОРАЗ

Актуально

НОВЫЕ ПОДШИПНИКИ – ТЕПЕРЬ ОБЯЗАТЕЛЬНО

С 1 января 2026 года на сети железных дорог колеи 1520 введено обязательное требование устанавливать новые подшипники при формировании колесных пар грузовых вагонов.



Любовь РОМБА,
Астана

Соответствующее решение было выработано рабочей группой по рассмотрению вопросов использования подшипников, применяемых в грузовых вагонах, в августе 2025 года.

Вслед за этим Совет по железнодорожному транспорту государств – участников СНГ утвердил корректировки в документ, регламентирующий ремонт и техническое обслуживание колесных пар с буксовыми узлами грузовых вагонов магистральных железных дорог колеи 1520 мм (1524) (РД ВНИИЖТ 27.05.01-2017).

Согласно исследованиям, неисправности деталей подшипников остаются самыми частыми причинами дефектов вагонной буксы. Хотя в целом благодаря принимаемым мерам за последние пять лет количество отказов технических средств и отцепок грузовых вагонов из-за неисправности буксовых узлов сократилось более чем на 30%.

Чтобы исключить несоблюдение новых стандартов, дополнительно в декабре прошлого года рабочей группой принято решение о внедрении усиленного контроля со стороны инспекторов на всех участках, где осуществляется новое формирование колесных пар. Они будут проверять соблюдение технологии, уделяя особое внимание использованию

исключительно новых подшипников. Тогда же было заявлено о необходимости полного запрета шлифовки деталей подшипника.

В своем комментарии для портала 1520International секретарь рабочей группы Александр Авербух отметил, что в мировой практике шлифовка не применяется для продления срока службы подшипников, так как эта технология не обеспечивает их дальнейшей надежной работы.

К настоящему моменту подготовлен проект технических требований к цилиндрическому роликовому подшипнику, которые существенно шире действующих сегодня технических условий на выпуск этой продукции. В частности, планируется ввести обязательную маркировку каждого элемента подшипника – не только внутреннего и наружного колец, как это предусмотрено сейчас, а всех 17-18 составляющих.

Ранее подшипник во время депоовского ремонта могли собрать из 15 разных подшипников, что крайне отрицательно влияло на его работоспособность и ресурс. Маркировка позволит исключить подобную практику. Кроме того, будут определены нормативные межремонтные сроки, которые подшипники обязаны выдерживать.

Новые технические требования к цилиндрическому роликовому подшипнику планируется утвердить уже в первом квартале 2026 года. По мнению экспертов, они позво-

лят производителям, вагоностроительным и вагоноремонтным предприятиям лучше понимать все нюансы, связанные с применением подшипников, с их определенными функциональными характеристиками.

Кроме того, в конце ушедшего года принято решение о разработке Дорожной карты по синхронизации системы ремонта буксового узла и колесной пары. В результате планируется перейти к проведению капремонта колесной пары и буксы после восьми лет работы. Чтобы обеспечить такой срок межремонтной службы, необходим ряд мер, в том числе переход с однорядных цилиндрических подшипников на подшипники закрытого типа – касетные или двоянные цилиндрические (взаимозаменяемы с цилиндрическими однорядными).

По данным, приведенным на портале 1520International, оборудованная современной тележкой колесная пара вагона с нагрузкой 25 тонн-сил уже сегодня способна пройти восемь лет до капремонта. Чтобы такой же срок межремонта прошла колесная пара вагона с нагрузкой 23,5 тонн-сил, необходимы меры по увеличению ее ресурса. Еще одним важным фактором повышения надежности буксового узла является применение современной смазки на литевой основе вместо широко применяемой еще с 70-х годов ЛЗ-ЦНИИ (У), изготавливаемой на основе нефтяного масла, считают эксперты.

спий – Кавказ – Европа в рамках развития Среднего коридора.

Объем инвестиций для первой очереди оценивается на уровне около 300 миллионов долларов, а совокупные вложения по итогам реализации всех этапов могут составить до 1,1 миллиарда долларов.

– Реализация проекта в порту Курык позволит усилить транзитный потенциал страны, повысить пропускную способность маршрутов Среднего коридора и создать дополнительные условия для привлечения грузопотоков между Азией и Европой, – отметил Асет Туякбаев.

Он также подчеркнул заинтересованность казахстанской стороны в дальнейшем сопровождении проекта и его проработке с учетом национальных инфраструктурных и транспортных приоритетов.



Темірғали КУШТАЕВ,
Ақтабе магистральдық
желі бөлімшесі директорының
орынбасары:

ҚАЗІР ЕЛДІҢ ЖАҒДАЙЫ ЖАҚСАР-
ДЫ. МАЛ УСАЙТЫНДАР КӨБЕЙ-
ДІ. СОНДЫҚТАН БАҚТАШЫСЫЗ,
ҚАРАУСЫЗ ЖҮРЕТІН МАЛ КӨП.
БҮЛ ТЕМІРЖОЛШЫЛАР ҮШІН
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ. СОЛ СЕБЕПТІ
ЖОЛҒА ЖАҚЫН ЕЛДІМЕКЕНДЕР-
ГЕ, ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНА
БАРЫП, ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТА-
РЫН ЖҮРГІЗЕМІЗ. МАЛДЫҢ
ЖОЛҒА ШЫҒЫП КЕТУІ ПОЙІЗ-
ДЫҢ РЕЛЬСТЕН ШЫҒЫП КЕТУІНЕ
СЕБЕПШІ БОЛАТЫНЫН, ШҰҒЫЛ
ТЕЖЕУ, ПОЙІЗДАР КІДІРІСІ
ҮЛКЕН ЗИЯН МЕН ШЫҒЫН ӘКЕ-
ЛЕТІНІН ТҮСІНДІРЕМІЗ. АЙТСЕ
ДЕ, ЖОЛҒА ШЫҒЫП КЕТЕТІН
ҚАРАУСЫЗ МАЛДАН ТӨНЕТІН
ҚАУІП-ҚАТЕР АЗАЙМАЙ ОТЫР

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ПО ИТОГАМ 2025 ГОДА
АО «КЕДЕНТРАНССЕРВИС»
ОРГАНИЗОВАЛО ОКОЛО

1 000

КОНТЕЙНЕРНЫХ ПОЕЗДОВ
С СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕН-
НОЙ ПРОДУКЦИЕЙ.

ПАССАЖИРОПОТОК НА
СТОЛИЧНОМ ВОКЗАЛЬНОМ
КОМПЛЕКСЕ «НҰРЛЫ ЖОЛ»
В 2025 ГОДУ ДОСТИГ

2,5 млн

ЧЕЛОВЕК.

БОЛЕЕ

27 тыс.

ПРОФИЛАКТИЧЕСКИХ
МЕРОПРИЯТИЙ НА ОБЪЕК-
ТАХ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО
ТРАНСПОРТА ПРОВЕДЕНО В
ПРОШЛОМ ГОДУ.



ПРОЕКТ



Роман ЛЮБИМОВ,
Астана

Такая информация озвучена во время рабочей встречи директора департамента проектов АО «НК «Kazakh Invest» Асета Туякбаева с руководством китайской компании Guoyou Materials Group.

Проект по строительству многофункционального портового комплекса «Курык» предусматривает создание современного перегрузочного кластера на восточном побережье Каспий-

ского моря с применением передовых технологических и цифровых решений. Так, планируется строительство семи причалов, складской и логистической инфраструктуры, железнодорожных и автомобильных подъездных путей, а также внедрение цифровых систем управления грузопотоками, включая TOS-платформу и EDI-интеграцию.

Мощность первой очереди порта составит до 180 тысяч ДФЭ контейнерных грузов, порядка

180 тысяч единиц автотехники и 2-3 миллиона тонн навалочных грузов в год. Начало строительно-монтажных работ запланировано на этот год. Ввод объекта в промышленную эксплуатацию – на 2028 год.

Компания Guoyou Materials Group представила текущий статус проработки проекта, который рассматривается как ключевой элемент формирования устойчивой морской и железнодорожной логистической цепочки по маршруту Китай – Ка-

МАРАПАТҚА ЛАЙЫҚ МАШИНИСТЕР

Абай ЕРТІС,
Семей



ҚҰРМЕТ

Семей локомотив пайдалану депосында ұзақ жылдар бойы елеулі еңбек еткен тепловоз машинистерін барша ұжым мүшелері үлкен сый-құрметпен шығарып салды.



Темір тұлпар тізгініндегі Серік Сапаров пен Қайрат Сәдуақасов жай ғана кәсіби машинистер емес, өз қызметтерінің хас шеберлері. Сондықтан оларға тек жолаушылар пойызын жүргізу сеніп тапсырылған.

Бұл жолғы ерекше рәсім локомотившілердің қалыптасқан дәстүріне сай вокзал басында өтті. Қос машинисті соңғы рет жүргізіп келген тепловоздарынан түсіріп алған ұжымдастары олардың аяғын жерге тигізбей, құшақтарын гүлге толтырды.

– Локомотив пультінде, соның ішінде жолаушылар тасымалындағы тепловозда тек таңдаулы машинистер отырады. Тәртіп пен төзімділікке негізделген тәжірибесі бар жандар ғана лайық. Жол үстіндегі жұмыс барысында өткен ұйқысыз түндер мен кестеден кешігуге болмайтын жауапкершілік әрдайым осы машинистердің бойынан табылады. Сол себептен де зор құрметке лайық, – дейді бұл орайда пікір білдірген ТЧЭ-24 кәсіподақ ұйымының төрағасы Серік Дүйсенбаев.

Құрмет иелеріне деген ілтипат Дархан Қажығұлов басқаратын Семей локомотив депосының барша қызметкерлері жиналған жиында жалғасты. Депо басшылығы мен кәсіподақ бірлесіп мерейгерлерге қазақы дәстүрмен шапан жауып, бағалы сыйлықтар табыс етті. Локомотившілер ұжымы естелік суретке түсіп, қос әріптесін қимай шығарып салды.

Суретті түсірген автор

ҚАУІПСІЗДІК ДӘРІСІ

Нұрай СӨРСЕНҒАЛИ,
Астана



ПРОФИЛАКТИКА

2025 жылы теміржолшылар оқу орындарында темір жолдағы қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері бойынша профилактикалық сабақтар өткізді. Оған 80 мыңға жуық оқушы қатысты.

«Заң және тәртіп» бастамасы шеңберінде әскерилендірілген күзет және желілік полиция бөлімшелерімен бірлесіп темір жолдардан өтуге рұқсат берілмеген орындарда 1 940 рейд жүргізілді. Құқық бұзушылармен түсіндірме әңгімелер жүргізіліп, қасақана бұзушылар әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 42 айыппұл салынды. Сондай-ақ теміржол инфрақұрылымына жақын тұратын тұрғындармен жолдардан қауіпсіз өтуі және мал жаю мәселелері бойынша 2 749 кездесу өткізілді. Теміржол көлігі объектілеріндегі балалардың қауіпсіздігі үшін ата-аналардың жауапкершілігіне ерекше назар аударылды.

ҚТЖ азаматтарды қауіпсіздік ережелерін сақтауға, жолдарды тек белгіленген орындардан өтуге және теміржол нысандарының жанында аса сақ болуға шақырады.

ҚҰРЫЛЫС КЕСТЕГЕ САЙ

Ардақ ҮСЕЙНОВА,
Жамбыл



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Тараз қаласында темір жол үстінен өтетін көпір құрылысы жүріп жатыр. Қаланың Жібек жолы мен Әулиеата аудандарының арасын жалғайтын көпір 2027 жылы аяқталып, пайдалануға беріледі.

Қазір құрылыс алаңында көпірдің тірек қабырғалары салынып, инженерлік желілердің орны ауыстырылуда. Ұзындығы 945 метр болатын 4 жолақты көпірмен қатар, жаңа жаяу жүргіншілер өткелі де салынбақ.

– Жобаны қаржыландыруға республикалық бюджеттен 16,9 миллиард теңге қарастырылған. Ал көпір құрылысына қажетті жер телімдерін мемлекет меншігіне қайтаруға 1,8 миллиард теңге бөлінді. Тек құрылыс-монтаж жұмыстарына 1 миллиард теңге қаржы жұмсалды. Жоспар бойынша 2027 жылдың бірінші жартыжылдығында аяқтау көзделген. Бірақ мердігер компанияның басшысы нысанның қазығы қағылған кезде, өткелді 2026 жылдың соңына дейін пайдалануға береміз деп уәде еткен. Бүгінгі таңда құрылыс бекітілген кестеге сай жүріп жатыр, – дейді Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбеков.

Ал аспалы өткелдің құрылысы биыл аяқталады. Тапсырыс беруші тараптың айтуынша, жаяу жүргіншілер көпірінде мүмкіндігі шектеулі жандар үшін арнайы лифт орнатылмақшы. Жалпы мұндай аспалы көпір Тараз вокзалы маңында да бар. Ал темір жол үсті өткелі Абай даңғылының бойында салынып жатыр. Бұл вокзалға жақын аумақта. Тұрғындар қаланың «Элеватор» аталып кеткен аймағына да аспалы көпір салынса дейді. Осы маңда тұратын темір жолдың арғы және бергі бетіндегі халық тыйым салынғанына қарамастан, Тараз станциясының қызметтік өткелін кесіп өтеді. Қолданыстағы аспалы көпірге дейін біраз жер, жұмысқа жаяу қатынайтындар уақыттан ұтылғысы келмейді. Асығып жүріп қауіпсіздікті ұмытады. Сондықтан жоспарланған жаяу жүргіншілердің аспалы көпірі осы маңнан салынса, оң шешім болар еді.

ТҮБЕК ТЕМІРЖОЛЫН ТҮЛЕТКЕН ТҰЛҒА

Жыл басында атауы өзгерген «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Маңғыстау филиалы жаңа жылды жаңалықпен бастады. Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесін ұзақ жыл басқарған Нәжімеден Ғұбашов құрметті зейнет демалысына шықты.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Маңғыстау бөлімшесінің тарихында алғашқы «НОД» болып қалған Нәжімеден Бақтығалиұлын құрметті демалысқа шығарып салуға Астанадан арнайы келген қонақтар қатарында Компания басқармасы төрағасының орынбасары Марат Шакиенов, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директоры Асан Үмбетов, тағы басқа азаматтар Н. Ғұбашов еңбек еткен жылдардағы түбек теміржолындағы жетістіктерді тілге тиек етіп, өңірдегі жүк тасымалы жұмысын үйлестіріп, саланың дамуына қосқан жеке үлесі үшін алғыс айтты. Компания бастығының құттықтауын жеткізіп, сый-сияпаттарын табыс етті.

Айта кету керек, Нәжіме-

ден Бақтығалиұлы бөлімшені басқарған жылдары түбек темір жолында елеулі өзгерістер орын алғаны шындық. Маңғыстау теміржолы транзиттік жүктерді тасымалдауда маңызды нүктеде орналасқандықтан Оазис арқылы Өзбекстанмен, Болашақ станциясы арқылы Түркіменстанмен, Құрық және Ақтау теңіз порттары арқылы Каспий маңы елдері, Еуропамен жүк тасымалын жүзеге асыруда мүмкіндігі мол. Осы мүмкіндіктердің ашылуына атсалысып, оны орынды пайдалануды үйлестіре алған бөлімше басшысы түбектегі жүк тасымалының жылдан жылға артып, көрсеткіштердің ұлғаюына, жаңа ірі жобалардың сәтті жүзеге асуына бар күш-жігерін жұмсады.

Салтанатты кеште сөз алған әріптестер 2007 жылы алғаш



құрылған Маңғыстау бөлімшесінің директоры болып тағайындалғаннан бастап теміржол телімінің өткізу қабілетін жоғарылату, жаңа техниканы енгізу және оның негізінде жұмыс технологиясын жетілдіру, тасылатын жүктер мен қозғалмалы құрамның сақталуы мен пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін арттыру, еңбек өнімділігін көтеру жұмыстарын біліктілікпен ұйымдастырған Нәжімеден Бақтығалиұлының ерен еңбегіне ерекше тоқталды.

Н.Ғұбашовтың түбек темір жолын ондаған жылдар бойы абыроймен басқарған қызметі орынды бағаланып, мемлекеттік «Құрмет» орденімен, салалық

«Құрметті теміржолшы» белгісімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, ҚР Президентінің Алғыс хатымен, ҚТЖ басшылығының Алғыс хатымен және Құрмет грамотасымен марапатталды. Облыстық мәслихат депутаты болып, қоғамдық жұмыстарды да қатар алып жүріп, «Мұнайлы ауданының құрметті азаматы» атанды.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Маңғыстау филиалының басшысы болып бұған дейін Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінің бас инженері қызметін атқарған тағы бір тәжірибелі теміржолшы Қарақат Жақанов тағайындалды.

Суретті түсірген автор

ЖЫЛДАМДЫҚ АРТТЫ ДЕГЕНМЕН...



АЙМАҚ

Қосыйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Атырау аймағы бойынша бас ревизордың орынбасары Сұңғат Түкеевтің берген мәліметіне сүйенсек, өткен жылдағы 12 айда аймақтағы барлық теміржол мекемелерінде қозғалыс қауіпсіздігі бойынша 52 кемшілік анықталған. Соның ішінде Атырау ЖТ бойынша қозғалыс қауіпсіздігін бұзудың 1 инциденті орын алған. Онда Қарабатан-496 разъезд айналымында Мақат депосына қарасты локомотивте өрт дабылы соғылған, оның себебі локомотив бригадасы стандартты емес жағдайға дұрыс әрекет етпеген. Кемшіліктер тексеріліп, жауаптыларға тиісті шаралар қолданылды. Сондай-ақ вагон тегеішінің реттелмеуі, қуаттандыру блогының істен шығуы, жол кедергісінен пойыздың кешігіуі сынды жағдайлар орын алған.

Ревизордың айтуынша, былтырғы жылдың 12 айында 596 тексеру жүргізіліп, оның ішінде кездейсоқ – 58, мақсатты – 510,

түнгі 28 тексеру болған. Нәтижесінде 5366 кемшілік анықталған. Олардың көбі жылжымалы құрам мен техникалық құралдарды күтіп-ұстау мен пайдалану, еңбек өндірісінің технологиялық талаптарының сақталмауы,



құжаттамалар мен аттестация жүргізудегі кемшіліктер, т.т.

– Өткен жылы 1 наурызда болған Камаздың пойызға соғысуынан тепловоз бен 11 вагон рельстен шығып кетіп, 4 жолаушы және 9 жүк пойызы кестеден кешікті және бірнеше адам жарақат алды. Бұл ҚТЖ кінәсі емес, Камаз жүргізушісінің қателігінен

болған оқиға. «Ақ Жайық-7» ЖШС кінәсінен, яғни жөндеудің дұрыс жүргізілмеуінен дөңгелек жұбының, серіппенің сәйкес келмеуі, вагон тірегінің ақауы орын алған, – дейді Сұңғат Түкеев.

Аймақтағы жеке иеліктегі

кірме жолдардың да жағдайы мәз емес көрінеді. Жолдың сапасыздығы мен вагон қараушылар тарапынан тежегіш башмақты алмауы салдары вагонның дұрыс қозғала алмауына әсер еткен. Сонымен қатар кірме жолдардың өткелдерінде 3 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Вагондардан ақау табылса, оларды қайта

жөнделгенше құрамнан ағыту, жол мен бағыттамалы бұрмалар сапасы талапқа сай болмаса, шектеу қою немесе жөндеп болғанша мүлдем тоқтату талабы қойылуда. Құралдар мен қондырғыларға да осындай қатаң шаралар қолданылып жүр.

Өткен жылы ауқымды күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде учаскелерде жылдамдық артқан. Жалпы, өңірдегі жолдың 80 пайызға жуығы темірбетон жаңа шпалдарға, жаңа рельстерге ауыстырылған. Сол себепті пойыз жылдамдығының артуы қалыпты жағдай. Тальго пойыздары сағатына 120-140 шақырыммен жүреді. Бірақ жолда ірі қара мал көп жүреді. Ревизордың мәліметінше, аса қауіпті саналатын жерлер – Атырау – Махамбет, Махамбет – Қызылжар, Бақсай – Аққыстау, Құлсары – Шоқпартоғай, Жантөрек – Мұқыр – Сағыз, Ганюшкино – Атырау аралықтары. Соған сәйкес мал басу оқиғалары да болмай қоймайды. Өткен жылы аймақ темір жолдары бойында 79 мал басу оқиғасы тіркелген.

Суретті түсірген автор

ТАБЫСТЫ ЕҢБЕК НӘТИЖЕЛІ БОЛМАҚ



СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Есепті кезеңде станцияда 3235 пойыз тарқатылып, олардың құрамындағы 206 мыңнан астам вагон толығымен өңдеуден өтті. Бұл – әр пойыздың артында үздіксіз қозғалыс, дәлдік пен жоғары жауапкершілік тұрғанын айғақтайтын көрсеткіш. Сонымен қатар құрастырылған 4105 пойызға 212 515 вагон тіркеліп, жөнелтілген. Яғни Сексеуілде әрбір минут, әрбір технологиялық операция қозғалыс кестесіне бағынып, жүк ағыны іркіліссіз қамтамасыз етілді деген сөз.

Жалпы алғанда, станцияның өңдеу үдерісіне 441 221 вагон қабылдануы Сексеуілдің теміржол картасындағы стратегиялық маңызын көрсетеді. Бұл – тек құрғақ сан емес, бұл темірдей тәртіпке, кәсіби шеберлікке және ұжымдық бірлікке негізделген тынымсыз еңбектің нақты нәтижесі. Станция бастығы Абдулхамит Тұрмантаевтың айтуынша, бұл табыстарда ұжымдағы әр теміржолшының үлесі бар.

Сексеуіл станциясы үшін өткен жылы



жай ғана есептік кезең емес, еңбек қуаты мен кәсіби шеберліктің салтанат құрған жылы болды. 1680 вагонға бекітілген жүк түсіру жоспарын 1840 вагонға дейін жеткізіліп, орындалу деңгейі 109 пайызды құрады. Бір вагонға шаққандағы жүктеме де айтарлықтай өсіп, тасымал тиімділігі жаңа деңгейге көтерілді. Бұл – тек сан емес, логистикадағы ұтымды шешімдер нәтижесі мен өндірістік тәртіптің жемісі.

Ең басты жетістіктердің бірі – вагондардың

тұрып қалу уақытының күрт қысқаруы. Егер бұрын сағатпен есептелген кідірістер орын алса, 2025 жылы бұл көрсеткіш бірнеше есе азайып, бір жүк операциясындағы орташа тұрып қалу уақыты жоспардағы 3,98 сағаттың орнына 1,92 сағат болып, тиімділік 207 пайызды көрсетіп, станция жұмысының шапшаңдығы мен икемділігін паш етті.

Пойыздар мен вагондарды қабылдау, тарқату және жөнелту барысында станция теміржолшылары нағыз кәсіби мектептің үлгісін танытты. Олардың қатарында маневр диспетчері Еркебұлан Қарабаев, станция кезекшісі Серік Мырзағұлов, құжат сұрыптаушылар Венера Салмаева мен Нұргүл Сербасева, тауар кассирі Гүланда Кабулова, жүк қабылдап-тапсырушы Сарбаназ Иманалиева сынды білікті мамандар бар.

– Біздің бүгінгі жетістігіміз – есеп үшін жасалған көрсеткіш емес, маңдай термен келген нәтиже. Әр вагонның дер кезінде қозғалысқа шығуы, әр пойыздың қауіпсіз қабылданып-жөнелтілуі – Сексеуіл станциясы теміржолшыларының кәсіби бірлігі мен темірдей тәртібінің айқын дәлелі. Маневр диспетчерінен бастап жүк қабылдап-тапсырушыға дейінгі әр қызметкер өз ісінің маңызын терең сезінеді. Бізді алға жетелейтін күш – жауапкершілік, сенім және ортақ мақсат. Сексеуіл станциясы әрдайым өндірістік тиімділік пен қозғалыс қауіпсіздігін бірінші орынға қоя отырып, ел экономикасына қызмет етуді абырой санайды, – дейді станция бастығы Абдулхамит Тұрмантаев.

Суретті түсірген автор

Инфраструктура

КАЗАХСТАН УКРЕПЛЯЕТ ЛОГИСТИЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ ЕВРАЗИИ

До 2030 года группа компаний «Қазақстан темір жолы» планирует инвестировать порядка 15 миллиардов долларов в развитие транспортно-логистической инфраструктуры, обновление производственных активов и внедрение современных технологий. Реализация данных мер направлена на повышение пропускной способности сети и подготовку логистической системы к дальнейшему росту грузопотоков.

Айлин БАУРЖАН,
Астана

Казахстан занимает стратегически выгодное положение на пересечении ключевых международных транспортных направлений между Китаем, Европой, Российской Федерацией и странами Каспийского региона. Последовательное развитие инфраструктуры позволило перейти от транзитной функции к формированию устойчивого транспортно-логистического хаба с развитой сетью сухих портов, терминалов и мультимодальных маршрутов.

Транзитные перевозки демонстрируют устойчивую положительную динамику. За последние годы их объем достиг порядка

30 миллионов тонн, при этом контейнерный транзит составил около 1,5 миллиона ДФЭ, увеличившись более чем в пять раз за десятилетний период.

Развитие транспортно-логистического комплекса страны осуществляется на основе многовекторного подхода с одновременным развитием железнодорожных, автомобильных и морских маршрутов. Это обеспечивает диверсификацию логистических цепочек и повышение устойчивости перевозочного процесса. Существенную роль в данной системе играет Транскаспийский международный транспортный маршрут, объединяющий железнодорожную инфраструктуру Казахстана, морские перевозки через Каспийское море и выход на рынки

Кавказа и Европы. Средний срок доставки грузов по данному маршруту составляет 20-25 дней, что значительно ниже сроков традиционных морских перевозок.

В целях наращивания пропускной способности и повышения эффективности сети реализуется ряд крупных инфраструктурных проектов. В частности, ведется строительство железнодорожных линий Бахты – Аягоз и Дарбаза – Мактаарал, введены в эксплуатацию вторые пути на участке Достык – Мойынты. Продолжается формирование терминального каркаса по направлению Восток – Запад, включая функционирование Сухого порта Khorgos Gateway, терминала в городе Сиане, терминала «Жетысу» в Алматы и контейнерного хаба на базе порта Актау.

ВАЖНЫЕ ВОПРОСЫ НА ПОВЕСТКЕ ДНЯ



На станции Жанаарка состоялось узловое совещание, посвященное вопросам безопасности движения, соблюдению технологического процесса станции и охраны труда.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

Мероприятие прошло с участием директора филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Қарағанды» (ГПФ-4) Марата Ибраева и главного ревизора департамента безопасности движения по Карагандинскому участку Булатбека Альмуразаева.

Регулярные оперативные со-

вещения проводятся с целью обсуждения и решения текущих проблем в сфере железнодорожной безопасности, соблюдения станционных регламентов, а также вопросов охраны и условий труда, включая инструктажи, СИЗ (система информационной безопасности) по предотвращению травматизма и обеспечению безаварийной работы. Одной из важных тем стала разра-

ботка корректирующих мероприятий для повышения безопасности и эффективности на производстве.

В ходе совещания Марат Ибраев рассказал о допущенных случаях нарушения безопасности движения по станциям Караганда-Сортировочная, Кызылжар, а также подчеркнул роль дежурного по станции и машинистов в обеспечении безопасности движения и осуществлении взаимоконтроля. Лейтмотивом узлового совещания стало строительство четырех блокпостов на участке Кызылжар – Жезказган, обсуждены нюансы, касающиеся их открытия, и введение на участке Туйекойнак – 360-й разъезд автоматической локомотивной сигнализации как самостоятельного средства сигнализации и связи (АЛСО). Это система,




при которой движение поездов на перегоне осуществляется по сигналам локомотивных световых, а отдельными пунктами являются обозначенные границы блок-участков.

В свою очередь Булатбек Альмуразаев остановился на том, чтобы машинисты регулярно записывали замечания в Книге замечаний машинистов в депо, и на это своевременно реагировали руководители предприятий и руководители участков.

В заключительной части спикеры рассказали о строительстве участка Кызылжар – Мойынты, об особенностях работы бригад и их командирования на стратегически важный объект, расположенный в Карагандинском регионе.

Фото автора

АЛТЫНКОЛЬ РАСТЕТ И РАЗВИВАЕТСЯ



Ушедший год для станции Алтынколь был насыщенным на события. В течение года коллектив работал в условиях высокой производственной нагрузки, обеспечивая стабильную и бесперебойную деятельность станции. Реализован ряд организационных и технических мероприятий, направленных на повышение эффективности и безопасности перевозочного процесса.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алтынколь

Благодаря выгодному географическому расположению и современному техническому оснащению станция Алтынколь играет ключевую роль в укреплении международных торгово-экономических связей, обеспечивая надежный и эффективный грузопоток между Республикой Казахстан и Китайской Народной Республикой.

Важным показателем результативной работы коллектива стало досрочное выполнение годового плана, согласованного в рамках ОСЖД. Так, объем перевозок грузов между РК и КНР через пограничный переход Алтынколь – Хоргос при плане ОСЖД 14 736 000 тонн фактически составил 16 134 630 тонн, что на 9% превышает плановые показатели.

Прием импортных грузов из КНР при плане ОСЖД 8 000 000 тонн выполнен в объеме 8 048 501 тонна.

Передача экспортных грузов в КНР при плане ОСЖД 6 736 000 тонн фактически составила 8 086 129 тонн, что на 20% больше утвержденного плана.

В среднем в сутки по узкой колее принимается 18,4 поезда, по широкой колее сдается 10 поездов. Всего за отчетный

период прием по узкой колее – 6 720 поездов, сдача по широкой колее – 3 797 поездов.

В отчетном периоде значительные объемы пришлось и на контейнерные перевозки. Прием и отправление контейнерных поездов по направлениям составили: Европа – 776, Россия – 783, страны Центральной Азии – 1 598, ТМТМ – 375, Казахстан – 57 поездов.

Станция Алтынколь с каждым годом уверенно развивается. Возрожденная в пустынной местности, она сегодня демонстрирует устойчивую динамику роста и обладает значительным потенциалом для дальнейшего развития.

Насыщенной остается и жизнь работников станции. Викторины, конкурсы, спортивные мероприятия и деловые игры делают повседневную жизнь алтынкольцев яркой, активной и запоминающейся, способствуя укреплению командного духа.

Руководство станции уделяет особое внимание культуре производства, рассматривая ее как один из ключевых факторов устойчивого развития. Большое значение придается соблюдению технологической дисциплины, повышению уровня безопасности труда, поддержанию порядка на рабочих местах и ответственности персонала за



результаты своей деятельности.

Как отмечает главный инженер станции Алтынколь Ельдар Байсаков, формирование высокой производственной культуры способствует повышению эффективности рабочих процессов, снижению производственных рисков и созданию благоприятных условий труда для работников.

На станции работает немало молодых специалистов, для которых открыты широкие возможности профессионального и карьерного роста. Здесь они могут в полной мере проявить свои деловые и профессиональные качества, осваивая новые направления и повышая уровень компетенций.

– Мы всегда внимательно рассматриваем и поддерживаем

инициативы наших специалистов. Главное – их искренний интерес к работе и приверженность ценностям корпоративной культуры, – подчеркнул Ельдар Байсаков.

По его словам, впереди коллектив ждут новые разноплановые задачи, и станция готова уверенно с ними справиться.

За годы своего развития Алтынколь неоднократно подтверждала свою состоятельность, добиваясь значимых результатов в сфере грузовых перевозок и выстраивания международных логистических цепочек. Станция сегодня играет важную роль в развитии транзитного потенциала региона и продолжает уверенно наращивать объемы перевозок.

Фото автора

ПРОКАЧАЛИ ПРАВОВЫЕ ЗНАНИЯ

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Молодые работники железнодорожных предприятий Оскеменского региона и представители профсоюза стали участниками диалоговой площадки «Закон и порядок» с правоохранительными органами, прокуратурой, волонтерами.



Целью мероприятия стало формирование у молодежи устойчивого уважения к закону и принципам правопорядка, повышения уровня правовой культуры и правовой грамотности. Также это профилактика правонарушений и социальных проявлений, а также развитие ответственности за соблюдение трудовой дисциплины, норм безопасности и общественного порядка.

Железнодорожникам подробно рассказали о видах преступлений, которые получили довольно широкое распространение в Казахстане и, в частности, Восточно-Казахстанской области. Прокурор первого управления прокуратуры ВКО Мадина Орынбасарова информировала о популярных схемах интернет-мошенников, отметив, что от них пострадала почти каждая казахстанская семья, также предупредила об уголовной ответственности за дроперство, распространение наркотиков. Следователь по особо важным делам отдела экономических расследований ВКО Жандос Музтауов рассказал о важных признаках финансовой пирамиды, цифровой гигиене, как противостоять интернет-мошенникам.

Пожалуй, ключевым моментом встречи стали монологи осужденных за наркотики жителей Восточного Казахстана из мест лишения свободы в прямом эфире, которые рассказывали в содеянном и сожалели, что когда-то встали на преступный путь. Также представители стальной магистрали в ходе встречи задавали правоохранителям вопросы по проблемам раскрываемости преступлений, связанных с интернет-мошенничеством, возврату средств пострадавшим.

По словам железнодорожников, мероприятие было познавательным. Участие в подобных диалоговых площадках помогает им оставаться не только профессионалами своего дела, но и социально ответственными гражданами, грамотными в правовом отношении.

– Особенно интересными для меня были данные по интернет-мошенничеству, потому что уже очень много пострадавших от них, схем тоже много, – выразила свое мнение электромонтер, председатель первичной профсоюзной организации Оскеменской дистанции пути Асыл Қалиасқарова. – Моей коллеге недавно звонили неизвестные, что якобы на ее имя пришла посылка, просили продиктовать код из СМС. Но мы уже в курсе таких схем, не поддались на уловки злоумышленников.

Фото автора

ПОВЫШАЯ КВАЛИФИКАЦИЮ

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

В Павлодарском отделении магистральной сети состоялось инструкторско-методическое занятие «Повышение имиджа службы гражданской обороны». Мероприятие прошло под руководством офицера группы гражданской обороны УЧС города Павлодара Айторе Бакытбека.



В обучающем семинаре приняли участие сотрудники всех структурных подразделений отделения магистральной сети и главный инженер Асет Макеев. Цель мероприятия – отработка практических навыков для повышения квалификации персонала по безопасности, эксплуатации, повышение уровня защищенности работников и устойчивость функционирования предприятия в условиях чрезвычайных ситуаций.

Также в семинаре приняли участие работники грузовых перевозок Павлодар и главный инженер Канат Рахметов.

В целях повышения информированности работников Айторе Бакытбек провел разъяснительную работу, в ходе которой подробно рассказал о различиях между гражданской обороной и гражданской защитой, а также напомнил основные правила укрытия в защитных сооружениях.

Специалист подчеркнул, что при получении сигнала оповещения необходимо без паники проследовать в ближайшее защитное сооружение, строго выполнять указания ответственных лиц и соблюдать установленные правила пребывания в укрытии.

В ходе занятия не раз отмечалось, что знание основ гражданской обороны и гражданской защиты – это не формальность, а важный элемент личной и общественной безопасности. Регулярное информирование и обучение работников позволяют значительно снизить риски и сохранить самое ценное – человеческую жизнь.

Фото автора

«Қазақстандық салалық теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» ҚБ Орталық Кеңесі басшылығы мен ұжымы қоғамдық бірлестік төрағасының кеңесшісі Сәбитов Жұпарбек Абзалбекұлына інісі
Ануарбек Абзалбекұлының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ШЫНАЙЫ АЛҒЫС БІЛДІРДІ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ – «Тасымалды басқару дирекциясы» филиалының ұжымы қырық жылдан астам уақыт темір жолда үздіксіз еңбек еткен тасымалдауды үйлестіру тобының менеджері Тамара Волобуеваны зейнет демалысына шығарып салды.

Тамара Леонидқызы – алғаш еңбек жолын Тың темір жолында станция операторы болып бастап, қозғалыс шаруашылығы саласының барлық сатысынан өткен маман. 20 жылдан астам уақыт диспетчерлік аппаратта пойыз диспетчері және желілік деңгейдегі диспетчер қызметін атқарды. Жұмыс істеген жылдары ол өзін білікті маман, тәжірибелі де талапшыл тәлімгер ретінде көрсетті. Ізін басқан жас әріптестеріне керек жерінде талапшыл, керек

жерінде қолдаушы болды, еңбек қоржынындағы мол тәжірибесімен бөлісті. Қай мәселеде де әділ болуға тырысты. Өз ісіне мығым, кәсібіне адал Тамара Леонидовна ұжымы мен басшылықтың сенімі мен үлкен құрметіне ие болды. Оның алып салаға сіңірген адал еңбегі ескерусіз қалмай, әр жылдары «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылығы тарапынан алғыс хаттармен және құрмет грамоталарымен марапатталды.

– Темір жол – көптеген адам



несібесін тапқан, көптеген адамның мансаптық жолында бағын ашқан құтты сала. Менің де өмір жолым темір жолмен тығыз байланысты болды. Қырық жыл бұл бір адамның ғұмыры десе де болғандай. Теміржолшы болға-

ныма еш өкінген емеспін. Бүгін көп жылғы еңбегімнің зейнетін көретін жасқа келіп, демалысқа шығып отырмын. Мен үшін бұл – өмірдің жаңа кезеңінің басталуы. Менімен бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара еңбек еткен темір жолдағы барлық әріптестеріме, құрметтеп шығарып салып жатқан ұжымыма, басшылығыма үлкен алғысымды айтамын, – деді кейіпкеріміз.

Әріптестері Тамара Леонидқызына маман ретінде Компанияның дамуына қосқан өлшеусіз үлесі мен жоғары кәсібилігі, ал адам ретінде адалдығы бен адамгершілігі үшін шынайы алғыстарын білдіріп, жаңа өмір арнасы жаңа мүмкіндіктерге толы болуына сәттілік тіледі.

Сұлутұл БАКЕСОВА

Суретті түсірген автор

ВЕЛИЧИНА ПОСТОЯННАЯ

75-летний юбилей отмечает Бокенбай Жасыбай – человек, чья жизнь неразрывно связана с железнодорожным транспортом. Более 44 лет он посвятил самоотверженному служению отрасли, став примером высокого профессионализма, ответственности и преданности своему делу.



За годы своего труда Бокенбай Жиымбаевич внес значительный вклад в развитие железнодорожного транспорта, заслужив уважение коллег и руководства. Его опыт, мудрость и трудолюбие стали прочным фундаментом для многих поколений специалистов.

Бокенбай Жасыбай родился на небольшой станции Чокпар в Жамбылской области. Учился в местной школе, которая во все времена славилась сильным педагогическим составом. Трудовая деятельность Бокенбая началась в 1969 году с работы грузчиком в отделе гражданских сооружений. За годы добросовестного труда он был главным инженером станции Алматы-2, помощником начальника Алматинской дороги, ревизором служб перевозок и коммерческой работы, начальником пассажирской службы Алматинской железной дороги. Далее – заместителем начальника главного пассажирского управления РГП «Қазақстан темір жолы», директором Южного регионального филиала АО «Вокзал-Сервис».

Особую страницу в жизни Бокенбая Жасыбая заняла работа на партийной ниве. В течение двух лет он трудился инструктором промышленно-транспортного отдела Октябрьского районного комитета Компартии Республики Казахстан города Алма-Аты. Сеть промышленных и железнодорожных предприятий была под его контролем. И все же чаша весов в итоге склонилась в пользу железной дороги. Верность профессии, любовь к выбранному делу и осознание своей значимости для отрасли определили его дальнейший жизненный путь, который на долгие годы оказался неразрывно связан с железнодорожным транспортом.

– Железнодорожники – особая категория людей, которым всегда присущи взаимовыручка и солидарность. Если ты однажды пришел

на железную дорогу, никакие обстоятельства и течения жизни уже не унесут тебя, настолько она становится величиной постоянной, – говорит ветеран.

Огромный вклад Бокенбай Жасыбай внес в развитие вокзального сервиса. Благодаря его профессионализму, инициативности и ответственному подходу к работе были значительно улучшены качество обслуживания пассажиров, организация работы вокзалов и условия пребывания людей. Этот вклад заслуженно получил высокую оценку коллег и руководства и оставил заметный след в истории железнодорожной отрасли.

Есть у Бокенбай Жиымбаевича одно важное качество – это понимание ценностей подчиненных. Он всегда мог предвидеть реакцию людей в различных производственных ситуациях. Тонкое понимание психологии, умение правильно общаться, проявляя достаточную гибкость, жизненный опыт и умение находить подход к каждому помогли ему принимать взвешенные решения, предотвращать конфликтные ситуации и поддерживать здоровый рабочий климат в коллективе.

Бокенбай Жасыбай награжден знаками «Почетный железнодорожник», «Адал еңбегі үшін», а также многочисленными медалями и ведомственными наградами за многолетний добросовестный труд и весомый вклад в развитие железнодорожной отрасли.

Сегодня ветеран находится на заслуженном отдыхе, но продолжает активно общественную деятельность, передавая свои знания и богатый опыт молодому поколению. Он является членом Совета ветеранов-железнодорожников Алматинского региона и вносит огромный вклад в сохранение традиций и преемственности поколений в отрасли.

Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы

Фото автора

ДЕЛО ВСЕЙ ЖИЗНИ

Осмотрщик-ремонтник вагонов ВЧД-16 на станции Ушкұлын Данияр Жұнұсов более 17 лет стоит на страже безопасности железной дороги, в целом вагонного хозяйства.

Еще со школьных лет Данияр Каиртасович мечтал попасть на железную дорогу. Окончив высший колледж электроники и коммуникаций, он начал работать по специальности, а в АО «НК «ҚТЖ» пришел в 2017 году. На станции Ушкұлын железнодорожник обеспечивает безопасность движения поездов в любых



погодных условиях. Благодаря высокому профессионализму

АҚЫННЫҢ ТУҒАН КҮНІНЕ АРНАЛДЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлерінің қатысуымен ай сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын қазақ тілінде сөйлеу клубының кезекті отырысы ақын, Қазақстанның халық жазушысы Қадыр Мырза Әлінің туған күніне орай «Қадыр Мырза Әлінің қанатты сөздері» тақырыбында өтті.

Іс-шара барысында қатысушылар ұлт руханиятының алып тұлғасы Қадыр Мырза Әлінің өмір жолы мен бай шығармашылық мұрасын еске алып, ақынның елдік рухты, адамгершілік пен парасатты дәріптейтін қанатты сөздері мен өлеңдеріне терең талдау жасады. Қаламгердің мағыналы нақылдары оқылып, әрбір ойдың тәрбиелік мәні мен бүгінгі қоғамдағы өзектілігі жан-жақты талқыланды.

Кездесу барысында Қадыр Мырза Әлінің өлеңдерінен үзінділер оқылып, оның сөз

өнеріндегі дара қолтаңбасы, ұлттық болмысты асқақтатқан ой-тұжырымдары туралы мазмұнды пікірлер айтылды. Қатысушылар ақын шығармашылығын жүрекпен қабылдап, қазақ тілінде еркін әрі әсерлі ой өрбітті.

Іс-шара аясында қатысушылардың белсенділігін арттыру мақсатында Wordwall платформасы арқылы «Ұяшық ашу» форматындағы интерактивті ойын ұйымдастырылды. Ойын барысында Қадыр Мырза Әлінің қанатты сөздері мен шығармашылығына қатысты



тапсырмалар орындалып, қызметкерлер өз білімдерін ортаға салды.

Сонымен қатар қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған түрлі танымдық, зияткерлік және шығармашылық ойындар өткізіліп, қатысушылар жоғары белсенділік пен қызығушылық танытты.

Ұлан ОРАЗ

Суретті түсірген автор

ЗДОРОВЬЕ ЖЕНЩИНЫ – ЗДОРОВЬЕ НАЦИИ

В Караганде состоялась социально значимая конференция «Бірге өмір үшін!» – «Вместе за жизнь!», посвященная вопросам женского здоровья и профилактике рака молочной железы.

Участниками конференции стали члены молодежного совета «Келешек» при профсоюзном центре Карагандинской области, представители Карагандинского филиала ОО «Казпрофжел», а также активисты трудовой молодежи региона.

Конференция была организована благотворительным фондом «Әмір сыйла» при поддержке женского крыла партии АМАНАТ.

Сегодня рак молочной железы занимает одно из ведущих мест среди онкологических



заболеваний у женщин, в связи с чем особую актуальность приобретают вопросы профилактики, информирования о факторах риска, первых симптомах заболевания и важности регулярных обследований, включая маммо-

АЛТЫ КОМАНДА БАҚ СЫНАСТЫ

Ақтөбе станциясында белсенді жастардың бастамасымен станция қызметкерлері арасында шағын футболдан «Ақтөбе станциясы кубогі» ұйымдастырылды. Спорттық шара ұжымдағы ынтымақты нығайтып, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталды.

Жарысқа станцияның түрлі бөлімшелерінен құралған алты команда қатысып, жасыл алаңда өзара бақ сынасты. Барлық команда жоғары деңгейдегі ойын өрнегін көрсетіп, жанкүйерлер қызықты да тартысты кездесулерге куә болды. Әр матчта спорттық рух пен өзара құрмет сақталып, қолдауға келген теміржолшыларға әсерлі сәттер сыйлады.

Жарыс қорытындысы бойынша бірінші орынды «Бекет» командасы иеленді. Екінші орынға «Южпромснаб» командасы тұрақтаса, үшінші орынды «Вагон құрастырушылар» командасы

еншіледі. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге кубоктар мен арнайы марапаттар табысталды. – Теміржол саласы – тәртіпті, тәртіптілікті және үлкен жауапкершілікті талап ететін сала. Ал спорт – дәл осы қасиеттерді шындайтын, ерік-жігерді нығайтатын орта. Сіздер осы екі бағытты қатар алып жүріп, нағыз теміржолшыға тән қайсарлық пен бірлікті көрсетіп жүрсіздер. Әр жарыста сіздер тек өз шеберліктеріңізді ғана емес, ұжымның намысын, команда абыройын қорғадыңыздар. Командалық рух, өзара қолдау, жеңіске деген сенім – жетістіктеріңіздің басты

 ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ  ҚАЗТЕМІРЖОЛКӘСІП Бас редактор Дина Муздубаева Бас редактордың орынбасары Меруерт Өмірзақова	Редакцияның мекен-жайы: Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6. тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92 Басылымның таралымы 8 000 Газет сейсенбі, жұма күндері шығады. Жауапты тілшілер Ерболат Хатмұлы Ерболат Тілеуберенов, тел.: +7 702 5795768 Кезекші редакторлар: Л. Ровба, С. Бакесова	Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өзгеше басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынғып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.	Меншікті тілшілер: Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80 Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66 Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97 Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87 Семей: Қуаныш Қожаев 8-707-906-79-80 Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45 Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17 Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59 Жамбыл: Ардақ Усейінова 8-777-667-26-20 Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092 Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76 Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00 Павлодар: Айдана Ертay 8-777-498-31-61	Газет басылатын қалалар: Астана, Сілеті 30 «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2. «Хабар-Сервис» ЖШС Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігіне тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде № 601 тіркеу күәлігі берілді.
---	---	--	---	--